

МАХМҰД ҚАШҒАРИДЫҢ (МАХМҰД ИБН ӘЛ - ҚҰСАЙЫН ИБН МҰХАММЕД) ТУҒАНЫНА 980 ЖЫЛ (1029-1101)



Орталық Азия өркениетінің тарихы туралы аса маңызды дерек көздерінің бірі болып саналады.

«Диуани лұғат ат-түрік» түркі тайпаларының тілі мен мәдениетінің байлығын және сан алуандығын бейнелейтін еңбек ретінде жазылды. Түркі тайпаларының X-XI ғғ. әскери триумфы бүкіл мұсылман әлеміне тараған елеулі саяси биліктің түркілердің қолына шоғырлануына жеткізген еді. «Диуани лұғат ат-түрік» шын мәнінде түркі-араб сөздігі, кітапта түркі сөздері

ат-түрік») бірсыпыра зерттеу еңбектерінің жазылуына негіз болды. Көптеген ғалымдар М.Қашғаридың еңбегі туралы құнды пікірлер айтып, жоғары бағалады.

Ұлы ғұламаның еңбегін зерттеп, насихаттаған атақты ғалымдар қатарында В.В.Бартольд, А.Н. Кононов, Н.А.Баскаков, А.Н. Самойлович, М.Хартман, Н.Броккельман, С.Е.Малов, А.Б.Халидов, В.И.Асланов, Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, А.Ысқақов, Ә.Құрышжанов, т.б. бар.

1997-1998 жылдары

лымдарның докторы Асқар Егеубайдың аудармасы арқылы таныс болды. «Түрік тілдерінің жинағы (Түрік сөздігі)» - түрік дүниесінің әлемдік ғылым қазнасына қосқан ұлы мұрасына айналды. Үш томдық бұл зерттеу еңбек күллі түрік тілдерінің тұңғыш әрі аса терең мағыналы ғылыми сипаттамасы. Сахараның ұлы ғалымы, біртуар ойшылы, тіл зергері Махмұт Қашғари «Түрік тілдерінің жинағын» барлық түрік текті ұлыс, тайпаларды аралап жинап, талдап барып жазған. Бұл - күллі түрік елдерінің әдебиеті мен тілін салыстырмалы түрде зерделеп түзіп шыққан кітап болды.

Ежелгі түркі әдебиетін зерттеуші ғалым Асқар Егеубаев 1998 жылы жазған «Кісілік кітабы» атты ғылыми эссесінде көне түркі әдеби ескерткіштерінде терең із қалдырған ұлттық сындарлы сипат-нышандарды зерттеп, талдаған.

Орыстілді оқырмандар да М.Қашғаридің еңбегін орыс тілінде оқи алатындай мүмкіндік туды. «Диуани лұғат ат-түрік» туындысын араб тіліндегі түпнұсқадан филология ғылымдарының кандидаты, шығыстанушы Зифа-Алуа Әуезова орыс тіліне аударған. 2006 жылы кітап «Дайк-Пресс» баспасынан шықты.

Осы кітаптарды облыстық С.Торайғыров атындағы кітапхананың кітап қорынан табуға болады. М.Қашғари туралы басқа да мәліметтер көбнесе мерзімді басылымдар бетінде жарияланған.

Мая ИСАКАЕВА,
кітапхана қызметкері.

ҰЛЫ ҒҰЛАМА

Ғұлама ғалым Махмұд Қашғаридің толық аты-жөні Махмұт Құсайынұлы Мұхамед Қашғари. Ата-бабасы Барсғанда туған, яғни ата-тегінің шыққан жері, өскен жері көне түрік шаһарларының аумағы Баласағұн, Барсған жері. Өзі де осы жерде дүниеге келген. Ал ғалымның қай жылы туғаны, қай жылы дүниеден өткені туралы анық мәлімет жоқ. Әйтсе де жанама деректер бойынша он бірінші ғасырдың бас кезінде туғанын айқындайды. Есімі Қашғари деп аталу себебі, оның бабасы Баласағұнда бір кезде Қашғариден көшіп келген деген пікірлер бар.

Махмұт Қашғари XI ғасырда өмір сүріп, еңбек еткен ұлы филолог, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, зерттеуші ғалым, белгілі саяхатшы. Оның есімін біздің заманға жеткізген ұлы мұрасы «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегі.

Көне тарих қойнауынан бізге жеткен Махмұд Қашғаридің XI ғасырдағы «Диуани лұғат ат-түрік» атты еңбегі түркі тілдерінің ең ежелгі сөздігі және

араб транслитерациясымен беріледі және ол этимология, мән-мәтіндер мен қолданудың ықтимал нұсқалары туралы тәржімемен, түсініктемелермен қамтамасыз етілген. Ғалымның дөңгелек картасы ең ежелгі түрік картасы ретінде белгілі. Мұнда ол түркі халықтарының аймағын көрсетеді. Кітапты жазуға бірнеше жыл уақыт кетіріп, 1072-78 жылдары Бағдад қаласында жазып бітірді.

«Диуани лұғат ат-түрік» кітабының бізге жалғыз қолжазбасы жеткен. Ол Түркияның Стамбул кітапханасында сақтаулы. Кезінде Бағдаттағы халифат кітапханасында сақталып, кейін әр түрлі жағдайда көшіріліп, жер-жерге таралған.

«Түрік сөздігі» («Диуани лұғат

бұл кітаппен қазақ оқырмандары белгілі акын, филология ғы-

